

"Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 шілдедегі № 542 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 шілдеде № 19133 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.08.2019 бастап қолданысқа енгізіледі

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 28 шілдедегі № 509 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15852 болып тіркелген, 2018 жылғы 29 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшуды жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

"12-1) азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйым – жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын, Қазақстан Республикасының азаматтық авиация саласын орнықты дамытуды, ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған қызметті жүзеге асыратын акционерлік қоғам;"

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Уәкілетті орган ИКАО-ның стандарттарына және ұсынымды практикасына сәйкес нұсқамалық материалды бекітеді, сондай-ақ ұшу жарамдылығы бойынша директивалар шығарады. Уәкілетті ұйым Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарттары мен ұсынылатын практикасына сәйкес нұсқамалық материалдарды, сондай-ақ ұшуға жарамдылық жөніндегі директиваларды әзірлейді.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Пайдаланатын жабдықтардың белгіленген функцияларымен осы өнімдердің сәйкестігін және тұтастығының қолайлы стандарттарына жеткізілетін өнімдердің және

қолданылатын процестің сәйкес келуін қамтамасыз ететін рәсімдерді енгізбесе, бортта және жерде пайдалану үшін өңделген электрондық навигациялық деректер өнімдерін пайдаланушы қолданбайды.

ӘК бортында және жерде электрондық навигациялық деректері бар, қолданылу мерзімі өткен бағдарламалық өнімдер пайдаланылмайды.

Уәкілетті ұйым электрондық навигациялық деректер өнімдерін және процесін пайдаланушымен тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді.";

64-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"64. ИКАО-ның Конвенциясына 6-Қосымшасының (I-бөлігі) 6.1.3-тармағына сәйкес қандай да бір аспаптың, жабдықтың немесе жүйенің істен шығуы кезінде, MEL негізінде коммерциялық әуе тасымалының орындалуы қайсы ӘКК-не ұшуды бастау немесе оны жалғастыруды айқындауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы тіркейтін мемлекет болмаған жағдайда уәкілетті ұйым MEL мемлекетте тіркеуде қолданылатын ӘК-лерінің ұшуға жарамдылық талаптарына сәйкестігін әсер етпеуі үшін шаралар қабылдайды.";

67-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"67. Пайдаланушы пайдаланылған типті ӘК қатысты MMEL-ге өзгерістер шыққаннан кейін MEL-де тиісті өзгерістер енгізеді және оларды уәкілетті ұйымда бекітеді.";

83-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пайдаланушының уәкілетті ұйыммен ресми куәландырылған сертификат көшірмесі(ұшуды орындау құқығына арналған куәлігі (ЖБА пайдаланушысы) және осы ӘК-не жататын пайдалану сипаттамасының көшірмесі, егер пайдаланушы мемлекетімен жасалған сертификат (куәлік) және онымен байланысты ұшқыштың сипаттамасы (куәлік) ағылшын тілінде болмаса, ағылшын тіліндегі аудармасы қоса беріледі;"

98-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) пайдаланушының немесе уәкілетті ұйымның ӘК-не техникалық қызмет көрсетуді орындау немесе ұшу жарамдығын қолдау мүддесіндегі міндеттерді шешуі.";

103 және 104-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"103. Ұшу деректерін жазу үшін FDR немесе ADRS жүйесі, CVR өздігінен жазу немесе CARS жүйелері, AIR тіркеушілері немесе AIRS жүйелері мәліметтерді тіркеу жүйелерін тексеру арасындағы интервал бір жылды құрайды, егер бұл жүйелер сенімділік пен өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейін көрсететін болса, уәкілетті ұйыммен бекітілген жағдайда ол екі жылға созылуы мүмкін.

104. DLR тіркеушілері немесе DLRS жүйелері үшін мәліметтерді тіркеу жүйелерін тексеру арасындағы интервал екі жылды құрайды; егер бұл жүйелер сенімділік пен өзін-өзі басқарудың жоғары деңгейін көрсететін болса, уәкілетті ұйыммен бекітілген жағдайда ол төрт жылға созылуы мүмкін.";

116-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"116. Пайдаланушы осы ұшуға тағайындалған экипаж мүшелерін есепке алмағанда, ешбір тұлға ұшу экипажының кабинасына рұқсаты болмауын және онымен тасымалданбауын қамтамасыз етеді, егер ол:

1) экипаж мүшесі;

2) сертификаттау, қадағалау немесе инспекциялауға жауапты уәкілетті ұйымның өкілі, сондай-ақ егер бұл оның міндеттерін орындауға қажет болса, авиациялық оқиғаларды тергеу бойынша уәкілетті, авиациялық инспекторы болып табылмаса;

3) енгізілген адамның ұшуға арналған тапсырмаға ҰЖН-дағы нұсқауларына сәйкес болған жағдайда, тиісті тапсырмалар берді.";

120-тармақ алынып тасталсын:

"120. Ұшу экипажының кабинасында ұшу тапсырмасын орындаумен байланысы жоқ тұлғалардың болуына, ӘК басқарылуын, оның жүйесі мен жабдықтарының дұрыс пайдаланылуын шектейтін заттардың болуына жол берілмейді.";

128-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"128. Ұшу экипажының құрамына ӘК әзірлеушісімен айқындалған және ұшу пайдалану бойынша құжаттарда көрсетілген, радио хабарын тарату құрылғысын қолдануға жататын пайдалануға құқық беретін және уәкілетті ұйым берген бортрадист қолдануға куәлігі бар бір тұлға кіреді.";

130-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"130. ИКАО-ның Конвенциясына 6-Қосымшасының (I-бөлігі) 9.1.4-тармағымен сәйкес ұшу экипажының құрамына штурман куәлігі бар бір тұлға кіреді, уәкілетті ұйымның қорытындысы бойынша қауіпсіз ұшуды орындау үшін навигация өзінің тікелей міндеттерін орындау кезінде ұшқышпен жеткілікті деңгейде жүзеге асырылмайтын жағдайлардан басқа жағдайда.";

132-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"132. Қазақстан Республикасының ӘК ұшу экипажының құрамына Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ шетелдік мемлекетпен берілген авиациялық персонал куәліктері (сертификаттарын) уәкілетті ұйыммен тану рәсіміні өткен шетелдік азаматтар кіреді.";

138-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"138. Уәкілетті ұйымның ӘК осы типінде ұшуға рұқсаты бар авиациялық инспекторлар, басқа тексерушінің болуынан тәуелсіз, тексеруші ретінде ұшу тапсырмасына рәсімделіп, ӘК экипажының құрамына енгізіледі.

Ұшуға рұқсаты жоқ уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторлар:

1) ӘК жабдықтары мен жүйелері, авиациялық персонал жұмысын тексеруді жүзеге асыру кезінде, ұшу экипажының кабинасында табылуы тиіс болған жағдайда – экипаж құрамына ұшу тапсырмасына рәсімделіп, ұшу экипажының құрамына ендіріледі;

2) қызметтік жолаушы ретінде ұшу тапсырмасына рәсімделеді.";

142-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"142. Ұшуды қамтамасыз ету мақсатында экипаж құрамына кіретін авиациялық персоналдың немесе тағылымгердің қолданыстағы келесідей құжаттары болады:

1) ұшуды қамтамасыз ету мақсатында экипаж құрамына кіретін авиациялық персоналдың куәлігі (сертификат);

2) курсант, тағылымгердің куәлігі (студенттік билеттері).

Осы тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды ӘК экипаж мүшелері уәкілетті ұйым және азаматтық авиация ұйымының қызметтік тұлғаларының талабы бойынша көрсетеді.";

169-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"169. Авиациялық персонал мамандарын дайындау уәкілетті ұйыммен сертификацияланған азаматтық авиацияның авиациялық оқу орталықтарында жүргізіледі. Аса жеңіл ӘК ұшқыштарын дайындау уәкілетті ұйымның тиісті рұқсатын алған инструктор жүргізе алады. ӘК экипаж құрамы тағылымдаманы өту үшін тағылымгерлерді қосады, сонымен қатар ұшу экипажының құрамына бір тағылымгерден артық қосылмайды.";

237-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"237. Егер пайдаланушының уәкілетті ұйым берген жарамды сертификаты (авиациялық жұмысты орындауға берілген куәлік) болмаса, коммерциялық әуе тасымалын орындаумен (авиациялық жұмыс) айналыспайды.";

239-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"239. Уәкілетті ұйымның пайдаланушы сертификатын немесе авиациялық жұмысты орындауға берілген куәлікті беруі, пайдаланушының ұйымдастырушылық құрылымды, ұшуды орындауға басқару және бақылау әдістемесін, дайындық бағдарламасын, сондай-ақ жер үсті және техникалық қызмет көрсету жүйесін қамтамасыз еткеніне байланысты болады.";

241-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"241. Ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 5700 кг жоғары ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті қозғалтқышпен жаракталған ұшақтарды, ең жоғары сертификатталған ұшу салмағы 3180 кг жоғары тік ұшақтарды пайдаланатын ЖМА пайдаланушысы егер уәкілетті ұйым берген ұшуды орындауға құқық беретін куәлігі болмаса ұшуды орындамайды.";

243-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"243. Пайдаланушымен орындайтын ұшуларды жүргізуіне қадағалау Заңның талаптарына сәйкес уәкілетті ұйыммен жүзеге асырылады.

Уәкілетті ұйым қызметі уәкілетті ұйымның сертификаттауына жатпайтын, бірақ Заңның 10-2-бабында көзделген қызметке жататын жеке және (немесе) заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуіне бақылауды жүзеге асырады.";

244-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"244. Уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторына Заңның 16-6-бабының 2-тармағының 4)-тармақшасымен сәйкес, пайдаланушымен келісе отырып, ұшудағы азаматтық ӘК бортында (ӘК салоны немесе кабинасында болу құқығымен) болуына рұқсат етіледі.";

246 және 247-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"246. Пайдаланушылар өз қызметін жүзеге асыру кезінде сертификаттау талаптарын үнемі сақтайтынын растайтын ақпаратты, құжаттарды береді және авиациялық инспекторларының өздерінің қарауындағы жерлер мен аймақтарда сертификаттау нысанасы болып табылатын ақпаратқа, құжаттарға, бұйымдарға, бөлшектер мен жабдыққа қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

247. Уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларының сұрау салуы бойынша ӘКК ӘК бортындағы кеме құжаттары мен сұратылған ақпараттарды ұсынады.";

284-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қызметтік міндеттерін орындау жүктелген ұшу экипажының әрбір мүшесінің уәкілетті ұйыммен танылған немес берген қолданыстағы куәлігінің болуы;"

294 және 295-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"294. Ұшудың ең төменгі абсолюттік биіктігін белгілеу әдісін уәкілетті ұйым мақұлдайды.

295. Уәкілетті ұйым қарастырылатын ұшуға мынадай факторлардың қауіпсіздіктің әсер ету мүмкіндігін мұқият қарағаннан кейін ғана осы әдісті мақұлдайды:

- 1) ӘК жағдайын айқындау мүмкін болатын дәлдік пен сенімділік;
- 2) пайдаланылған биіктікті өлшеуіш көрсеткіштерінің дәлсіздігі;
- 3) жергілікті жердің сипаттамасы (мысалы, шектен шығулардың тез өзгеруі);
- 4) қолайсыз метеорологиялық жағдайлармен кездесу мүмкіндігі (мысалы, күшті турбуленттік және бәсеңдейтін әуе ағыны);
- 5) аэронавигациялық карталардың дәлсіздік мүмкіндігі;
- 6) әуе кеңістігінің шектеулері.";

297-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"297. Пайдаланушы ұшуды орындауы үшін әрбір әуеайлақты пайдаланылған ұшып шығу мен қонуға арналған пайдалану минимумдарын белгілейді және мұндай минимумдарды айқындау әдістерін уәкілетті ұйымда бекітеді.

Мұндай минимумдар осы мемлекеттің арнайы келісімі алынған жағдайларды қоспағанда, мұндай әуеайлағы үшін шет ел мемлекетімен белгіленген минимумдардан төмен емес.";

299-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"299. Уәкілетті ұйым автоматты қону жүйесімен, коллиматор және баламалы индикторлармен, EVS, SVS немесе CVS жүйесімен жабдықталған ұшақтардың ұшуы

үшін кеңейтілген пайдалану мүмкіндіктерін бекітеді. Мұндай бекітілген мүмкіндіктер аспаптар бойынша қонуға кіру жіктемесіне әсер етпейді.";

315-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"315. Инструменталдық қонуға кіру мен шығу схемалар бекітілген схемалардан ерекшеленетін кезінде мемлекеттің аумағында тікұшақ айлағы орналасқан рұқсатымен ғана және уәкілетті ұйыммен келісе отырып қана қолданылады.";

344-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"344. Пайдаланушы уәкілетті ұйымнан рұқсаты жоқ болса, борттық радиолокатор бойынша қонуға кіруді орындамайды.";

350-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"350. EDTO ұшуы қосалқы әуеайлағына кету уақыты уәкілетті ұйым бекіткен бастапқы уақытынан асатын ұшулар болып есептеледі. Кейбір құжаттарды EDTO орнына ETOPS аталуы мүмкін.";

351-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"351. Егер уәкілетті ұйымның арнайы рұқсатнамасы болмаса пайдаланушы екі немесе одан көп газтурбиналы қозғалтқышы бар ұшақтарда бағыттағы ұшу уақыты қандай да-бір нүктеден қосалқы әуеайлағына ұшып кетудің ұлғайтылған уақытында және осы мемлекеттің осындай ұшулар үшін бекіткен қосалқы әуеайлағына дейін бағытта бастапқы уақыты жоғарылағанда екі немесе одан көп газтурбиналы ұшақтар үшін барлық жұмыс істеп тұрған қозғалтқыштарымен крейсерлік жылдамдықпен және екі газтурбиналы ұшақтар үшін қозғалтқышының бірі істемей тұрған крейсерлік жылдамдықпен тымық жағдайда және халықаралық стандартты атмосфера (бұдан әрі - ХСА) есептелінген жағдайында орындамайды.";

352-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"352. Қосалқы әуеайлағына ұлғайтылған уақытпен кеткен ұшуларды орындаушы ұшақтың нақты бір түрін пайдаланушы үшін қосалқы әуеайлағына ең көп кету уақытын уәкілетті ұйым анықтайды.

Қосалқы әуеайлағына ең жоғары кету уақыты уәкілетті ұйыммен айқындалған және ҰПН (тура және жанама) көрсетілген, қосалқы әуеайлағына жоғарылап кету уақытымен ұшуды орындау кезінде, пайдалану қауіпсіздігінің ұлғайған қоры 15 минутқа азайған EDTO қиын ең маңызды ұшу жүйесі үшін ұшудың шектеулі уақытының ең төменгі мәнінен аспауы керек."

353-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"353. Қосалқы әуеайлағына ең жоғары кету уақыты уәкілетті ұйыммен айқындалғандай және ҰПН (тура және жанама) көрсетілгендей, қосалқы әуеайлағына жоғарылап кету уақытымен ұшуды орындау кезінде, пайдалану қауіпсіздігінің ұлғайған қоры 15 минутқа азайғандай EDTO қиын ең маңызды ұшу жүйесі үшін ұшудың шектеулі уақытының ең төменгі мәнінен аспауы керек:

ұшақтың барлық түріне: ҰПН (тура және жанама) көрсетілгендей, және осы ұшу түріне қатысты, EDTO ұшулары үшін ең қиын маңызды жүйесінің істен шығуы кезінде егер бар болса, есепті уақыт аспауы керек;

екі газтурбиналы қозғалтқышы бар ұшақтар үшін: ұшақтар EDTO ұшулары үшін сертификатталған болуы керек.

Екі газтурбиналы қозғалтқышы бар ұшақтар үшін қосалқы әуеайлағына кетудің ең жоғары уақыты бекітілген кезде, ұшулардың жалпы қауіпсіздік деңгейлеріне қатысты келесі жағдайлар ескерілсін:

қозғалтқыш жүйесінің сенімділігі;

EDTO ұшулары үшін ұшақ типінің ұшу жарамдылығының нормаларына қуәліктің сәйкес келуі;

EDTO техникалық қызмет көрсетуінің бағдарламасы.

EDTO ұшуларға рұқсат беру осы Қағидаларға 10, 11 және 12-қосымшалардың талаптарына сәйкес уәкілетті ұйыммен жүзеге асырады.";

356-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"356. Бағыттағы нүктеден ұшу бағытындағы қосалқы әуеайлағына дейін 60 минуттан асатын ұшулардың арақашықтығын айқындау үшін пайдаланушы уәкілетті ұйыммен бекітпеді және таңдайды:";

367-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"367. Пайдаланушы ЖЖМ құю есебін жүргізеді, ол әрбір ұшу орындауға қауіпсіз аяқтау үшін ӘК-де жеткілікті ЖЖМ қоры бар екен уәкілетті ұйымға көз жеткізуге мүмкіндік береді.";

376-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"376. Ірі қалалардың халық жиі орналасқан аудандары, қалалар мен поселкелердің үстінде немесе төтенше жағдайлармен қонуды, жердегі мүлікке және адамға шамадан тыс қауіп төнуі жағдайын қамтамасыз ете алмайтын жайлардан тыс биіктікте адамдардың жиналған жерінде, бұл жағдай ұшу мен қонуға қажеттілік тудыратын жағдайды қоспағанда немесе бұл әуе қозғалысын басқару органның рұқсаты берілсе, ӘК ұшулары орындалмайды.";

424-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"424. Диспетчерлік рұқсаттамаларында басқа нұсқаулар және уәкілетті ұйымның нұсқаулар жоқ кезде, жер үсті немесе су үстіндегі 900 м (3000 фут) биіктігінде немесе одан жоғары көлденең крейсерлік КҰҚ бойынша ұшулар Қазақстан Республикасының АІР немесе басқа аэронавигациялық ақпарат топтамасында жарияланғандай, Әуе қозғалысына қызмет көрсету және ұйымдастыру бойынша нұсқаулығының ұшу эшелондардың бөлу схемасында көрсетілгендей жолының бұрышы мен крейсерлік эшелонда орындалады.";

461-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"461. АҰҚ бойынша ұшулар жер бедері үстінен ең төменгі нақты (абсолюттік) ұшу биіктігінен және осы Қағидаларға 5-қосымшасында көрсетілген жасанды кедергілерден төмен емес деңгейде орындалады. Ұшып көтерілу немесе қону кезінде бұл қажет болған жағдайларды немесе уәкілетті ұйымның рұқсаты берілген жағдайларды қоспағанда.";

519-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"519. Пайдаланушы уәкілетті ұйым белгілеген ұшу бағыттарындағы және аудандарындағы барлық шектеулердің сақталуын қамтамасыз етеді.";

546-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"546. RVSM аймағында түзу бағыт бойынша ұшу кезінде радиобайланыс жоғалған жағдайда ӘКК ұшудың мәлімделген жоспармен әуе трассасына қайтады және осы Қағидалардың 17-тарауының 6-параграфының талаптарын басшылыққа ала отырып, ұшуды жалғастырады.

ӘК-нің RVSM қолданылатын әуе кеңістігінде ұшуына рұқсат беруді уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 17 және 18-қосымшалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.";

548 және 549-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"548. Пайдаланушы егер оның ӘК-нің тиісті навигациялық жабдығы болмаса және оны уәкілетті ұйым сертификаттамаса навигациялық ерекшеліктер белгіленген PBN мемлекеттердің немесе аудандардың әуе кеңістігінде ұшуларды орындамайды.

549. Тиісті навигациялық ерекшеліктер белгіленген PBN мемлекеттердің немесе аудандардың әуе кеңістіктерінде ұшуларға ӘК-рін жіберуді уәкілетті ұйым осы Қағидаларға 19 және 20-қосымшалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырады.";

551 және 552-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"551. Пайдаланушы уәкілетті ұйымнан ол байланыс сипаттамаларының RCP нақты үлгісінде көзделген қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдердің айқындалғанын, өз құзыреттілігінің шеңберінде персоналдың дайындығы қамтамасыз етілгенін, ӘК-нің борт жабдықтары мен ӘҚҚ жеткізуші байланыс қызметімен өзара іс-қимыл байланыстың талап етілетін сипаттамаларына RCP үлгісі сәйкесетігін көрсеткеннен кейін осындай әуе кеңістігінде ұшуды орындауға рұқсат алады.

552. Мемлекеттердің әуе кеңістігінің аудандарында немесе байланыстың талап етілетін тиісті үлгісі белгіленген (RCP) бағыттар бойынша ұшуларға ӘК-лерін жіберуді уәкілетті ұйым жүзеге асырады.";

587-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"587. Пайдаланушы жанармай мөлшерін бақылау және ұшу кезінде жанармай шығынын басқару мақсатында уәкілетті ұйыммен мақұлданған саясат пен тәртіптерді белгілейді.";

618-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"618. Азаматтық ӘК-ріне техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары авиациялық техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жөніндегі

сертификатталған ұйымдар, уәкілетті ұйыммен берілген немесе танылған жарамды куәлігі бар авиация персоналы тарапынан жүзеге асырылады.";

709-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"709. ӘК экипаж мүшелеріне ұшуға рұқсат беру Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 307 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10809 нөмірімен тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының азаматтық авиациясында ұшу жұмысын ұйымдастыру жөніндегі қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Экипаж мүшелерінің ұшуға рұқсат берудің түрі мөрімен және уәкілетті ұйымның лауазымды тұлғаның қолымен расталған авиациялық персоналдың куәлігінің (сертификаттың) тиісті графаларында жазумен немесе экипаж мүшелерінің ұшу кітабының тиісті графаларында, пайдаланушының мөрімен және лауазымды тұлғаның қолымен расталған тиіс жазумен рәсімделейді.";

711-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"711. Аса жеңіл ӘК-дің ұшқыштарын даярлауды өткізу уәкілетті ұйымның тиісті рұқсатын алған нұсқаушыларға рұқсат етіледі.";

715-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"715. Даярлау бағдарламалар уәкілетті ұйыммен бекітіледі және пайдаланушының ҰЖН-ға қосылады.";

725-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"725. Егер ұшудың крейсерлік кезеңінде ауысатын ұшқыштың бір типті ӘК немесе әр түрлі типті ӘК әр түрлі модификацияда пайдалану рәсімі, жүйе мен басқарудың ұқсас сипаттамасымен ұшатын болса, уәкілетті ұйым әр модификация немесе әр ӘК типке қатысты талаптарды қандай жағдайда біріктіру жөнінде шешім қабылдайды.";

728-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) ВМЖ-да қонуға кіру және қону жеткілікті сенімділіктімен орындалған кезінде уәкілетті ұйым операциялық минимумның қолдануға пайдаланушыға рұқсат етіледі";

729-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"729. Пайдаланушы ол уәкілетті ұйымға қанағаттандыратын шамада қол ұшқыштың біліктілік деңгейін қамтамасыз етуі тиіс.";

730-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"730. Пайдаланушы ұшқышты, егер өткен 12 ай бойы ұшу экипажы кабинасында ұшқыш, тексеруші ұшқыш немесе қадағалаушы ретінде бірде бір рет ұшуды орындамаса, онда уәкілетті ұйыммен бекітілген және пайдаланушымен белгіленген бағытта немесе аудан шегінде тағайындамайды.";

737-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"737. Ең жоғары ұшу салмағы 27000 кг болатын ӘК-нің пайдаланушысы ҰҚБЖ құраушы бөлігі ретіндегі ұшу деректерін талдау бағдарламасын бекітеді және орындайды.

Ұшқыштардың біліктілігіне тексеру жүргізген кезде пайдаланушы жалпы бақылау құралдарының деректерін уәкілетті ұйымға жібереді. Ұшу деректерін талдау бағдарламасы осындай дерек көздерін қорғауды қамтамасыз етеді.";

741-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"741. Пайдаланушы ҰЖН-ның бір данасын барлық өзгерістері және/немесе қайта қаралған талаптарымен уәкілетті ұйымға бекітуге береді.";

747-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"747. ҰЖН-да көрсетілген ең төменгі абсолюттік биіктіктерді айқындау әдісі пайдаланушымен уәкілетті ұйымда бекітіледі.";

775-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"775. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігінің тең деңгейін қамтамасыз етуді көрсететін тәуекел бағалау негізінде қосалқы әуеайлақты таңдау өлшемдерінің пайдалану нұсқаларын бекітуге рұқсат етіледі.";

780 және 781-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"780. Әр қосалқы әуеайлақта қонуға кіру мен қонуді орындау мүмкіндігін айқындау кезінде ұшу қауіпсіздігінің тең деңгейін қамтамасыз ету үшін пайдаланушы әуеайлақтың пайдалану минимумына қосымша қолайлы ретінде уәкілетті ұйымы үшін БТШБ маңызы мен көрінуін белгілейді.

781. Уәкілетті ұйым әуеайлақты қолданатын есеп уақыты үшін пайдаланушымен бекіткен уақытша қорын бекітеді.";

788-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) поршеньді қозғалтқышы бар ұшақ – уәкілетті ұйым айқындаған 45 минут аралығында жылдамдықпен және абсолют биіктікте ұшу үшін";

789-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті ұйым бекіткен ең қиын жағдайдың отын қоры бар EDTO ұшу";

792-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"792. Уәкілетті ұйым ұшу қауіпсіздігі деңгейін тең қолдау тәсілдерін көрсететін пайдаланушының тәуекел бағалау негізінде рульдеу, маршрут бойынша ұшу, күтпеген жағдай, тағайындау орны қосалқы әуеайлағына дейін ұшу және қосымша отын қоры үшін ұшудың алдын ала есептелген отын қоры нұсқаларын бекітеді.";

796-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"796. Барлық ұшу келесі жағдайда жоспарланады: қосалқы әуеайлағына кету уақыты жүк бөлімінде өрт сөндіру жүйесі үшін уақыт бойынша шектеуден артпайды, ол ӘК құжаттамасында және уәкілетті ұйым бекіткен пайдаланушылық қауіпсіз қоры азайтылған көлемінде нұсқалған.";

799 және 800-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"799. Уәкілетті ұйым барлық немесе жеке орындайтын ұшулардың түрлеріне қатысты шаршағыштықты бақылау мақсатында ұшу және кабинаның экипаждары өздерінің міндеттерін белсенділіктің тиісті деңгейі дәрежесінде орындауларына кепіл болуы үшін ғылыми принциптерге, білімге және пайдаланудағы тәжірибеге сәйкес әзірленген және негізделген FRMS жүйесіні (бұдан әрі - FRMS) пайдаланушымен қолдануға рұқсат етіледі.

800. Уәкілетті ұйым пайдаланушысын шаршағыштықты бақылаудың нормативтік қағидаларының бөлігі немесе барлығы орнына қолданыла бастағанда бекітеді. Бекітілген FRMS шаршағыштықты бақылаудың нормативтік қағидаларымен салыстырғанда ұшу қауіпсіздігінің баламалы немесе жоғары деңгейін қамтамасыз етеді .";

820-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"820. Бір газтурбиналық қозғалтқышы бар ұшақтармен түнде және/немесе АМЖ-да ұшуды жүргізуге рұқсат беру кезінде уәкілетті ұйым ұшақтың тиісті сертификаттауді өткеніне, сондай-ақ ұшу қауіпсіздігінің жалпы деңгейінің:";

822-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"822. ӘК-де осы Қағидалардың 83-тармағында көрсетілген құжаттар болуы тиіс, оларды экипажының мүшелері уәкілетті ұйымның авиациялық инспекторларының талабы бойынша ұсынады.";

829-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) пайдаланушыға уәкілетті ұйыммен MMEL шектеулері шегінде ӘК ұшуды орындауға рұқсат етілмеген.";

888-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"888. Уәкілетті ұйым бір газтурбиналық қозғалтқышпен ұшақтың тиісінше сертификатталғанына көз жеткізеді, сонымен қатар келесі элементтерді ескереді:";

891-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"891. Автоматты қону жүйелерін, коллиматорлық немесе баламалы индикаторларды , EVS, SVS немесе CVS жүйелерін пайдалануды бекіткен кезде уәкілетті ұйым:";

894-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"894. Ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін уәкілетті ұйым пайдаланушының ҰЖН-ына кіргізілген EFB пайдалану жөніндегі ережелерді бекітеді.";

895-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"895. EFB пайдалануды бекіткен кезде уәкілетті ұйым:";

903-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"903. RBN үшін белгіленген навигациялық ерекшелікпен ұшу кезінде уәкілетті ұйым пайдаланушының енгізуі және құжатталған түрде әзірлеуді қамтамасыз етеді:";

904-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"904. ӘК-ні PBN тиісті навигациялық ерекшеліктері бар ұшулар аудандарында немесе бағыттар бойынша ұшуға бекітуді уәкілетті ұйым осы Қағидалардың 19-тарауының 1-параграфының талаптарымен сәйкес жүзеге асырады.";

915-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"915. PBS арналған RSP ерекшелігіне сәйкес ұшу кезінде уәкілетті ұйым пайдаланушының енгізуді және құжатталған түрде орнатуды қамтамасыз етеді.";

916-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"916. Уәкілетті ұйым ӘК-не қатысты осы Қағидалардың 914-тармағында көрсетілген:";

921-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"921. Пайдаланушы ұшуды қамтамасыз ету құралдарының жұмысында ұшу уақытында пайда болған кез келген жөнсіздіктері туралы ешбір кешіктірілмей, ол үшін жауап беретін уәкілетті ұйымға хабар берілуі үшін шаралар қабылдайды.";

952-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"952. Әрбір қосалқы тікұшақ айлағына қонуға және кіруге немесе қону орнына қонуға кіруді орындау кезінде ұшулардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланушы пайдалану минимумына қарау БТАБ (бұлттардың төменгі аймағының биіктігіне) жағына және көрінуіне уәкілетті ұйым үшін тиімділігін орнатады.";

962-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"962. Тікұшаққа жолаушыларды отырғызу кезінде және бортта болғанда немесе түсіру уақытында, сонымен қатар, тасымалы винттермен айналып тұрғанда жанармай құю жұмыстары тек пайдаланушы уәкілетті ұйыммен бекітілген ҰЖН-да жанармайды құюға келісілген шарттардың арнайы рұқсаты болған жағдайға ғана жүргізе алады.";

971-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"971. Аспаптар бойынша ұшулар үшін тікұшақ айлақ немесе қонуға кірудің соңғы кезеніне және әрбір ұшу аймақтарына уәкілетті ұйыммен мақұлданған құралдар бойынша қонуға кірудің бірнеше үлгілері немесе бір кестесі белгіленеді.";

998-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"998. АМЖ-да 3-сыныптағы ҰТС-на сәйкес жолаушыларды тасымлдауға уәкілетті ұйым рұқсат берген жағдайда осы Қағидалардың 11-тарауының 13-параграфында көзделген талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.";

1012-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1012. Пайдаланушы уәкілетті ұйыммен белгіленген ҰТС-ның нормалар талаптарын сақтап, ұшып көтерілу, бастапқы биіктік жиынтығын, қонуға кіру және қону рәсімдерді әзірлеу үшін кедергілер туралы мәліметтерді пайдаланады.";

1014-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1014. АМЖ-ның 3-сынып ҰТС-на сәйкес орындалатын тікұшақтарда коммерциялық тасымалдауларды бекіту кезінде уәкілетті ұйым АҰҚ бойынша ұшулар үшін тікұшақтардың сертификатталуын қамтамасыз ету бойынша шара қолданады

және ұшулардың қауіпсіздігі деңгейін жалпыда ұстауды төмендегідей есептермен жүргізу болып табылады:";

1031-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1031. 2 немесе 3 класс ҰТС-на сәйкес операцияларын орындайтын тікұшақтарында , егер де олар уәкілетті ұйымның пікірі бойынша, қонуға кіру немесе ұшуы кезінде ұшу траекториясы су кеңістігі үстінен, сәтсіз қонуға кіруі кезінде суға қонуының мүмкіндігі бар болатындай, тікұшақ айлағына қонуы немесе ұшуын орындағаны кезіндегі жағдайларында, осы Қағидалардың 1027-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес жабдықталады.";

1044-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1044. Кабиналық экипаж мүшелерінің орындары еден деңгейінде апатты шығуға және апатты көшіру үшін уәкілетті ұйымымен көзделген, басқа да апатты шығуға жақын орналасқан.";

1050-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1050. PBC үшін RCP ерекшелігі бекітілген операциялар үшін уәкілетті ұйым пайдаланушы енгізіп және деректі рәсімделген.";

1051-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1051. Уәкілетті ұйым тікұшақтарға қолданылатын осы Қағидалардың 1049-тармағында көрсетілген мыналарға қатысты талаптарға болуын қамтамасыз етеді:";

1054-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1054. PBN орнатылған ұшулар кезінде уәкілетті ұйым пайдаланушы мыналарды бекітіп, ресми түрде ресімдегенін қамтамасыз етеді:";

1055-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1055. Уәкілетті ұйым AR бекітуін талап ететін PBN негізделген ұшуларға арналған арнайы бекітуді береді.";

1059-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1059 Тікұшақтар автоматты қону жүйелерімен, HUD немесе барабар индикаторлармен, EVS, SVS немесе CVS немесе осындай жүйелердің кез келген қосындысымен гибридті жүйе аясында жабдықталған кезде тікұшақ ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін осындай жүйелерді пайдалану тәртібі пайдаланушының ҰЖН-да уәкілетті ұйым бекітеді.";

1060-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"1060. Автоматты қону жүйелерін, коллиматорлық немесе барабар индикаторларды, EVS, SVS немесе CVS жүйелерін пайдаланушылық қолдануды бекіте отырып, уәкілетті ұйым қамтамасыз етеді:";

1097-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1097. Сертификатталған ең жоғары ұшу массасы 5700 кг асатын ұшақтарды және (немесе) бір немесе бірнеше турбореактивті қозғалтқыштармен жарактандырылған ұшақтарды пайдаланатын ЖМА-ны пайдаланушылар уәкілетті ұйым ЖМА

пайдаланушыларды ұшуға жіберу қағидаларында белгіленген нысан бойынша ұшуды орындау құқығына арналған куәлікті бергеннен кейін ұшуға жіберіледі.";

1162-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті ұйым тыйым салмаған болса, КҰҚ бойынша ұшуды орындау барысындағы навигация жер бағдарларымен визуалды байланысы арқылы жүзеге асырылатын жағдайларды есептемегенде ӘҚҚ органдарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етіледі.";

1166-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1166. Уәкілетті ұйым бекітуді талап ететін (AR), PBN навигациялық ерекшеліктеріне негізделген ұшуларды арнайы бекітеді.";

1204-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) уәкілетті ұйыммен келісілген бағдарламалар бойынша құралдардың ұшу тексерісін қамтамасыз ететін минимумда, алайда әуеайлақ үшін бекітілген минимумнан төмен емес көрсеткіштерде, кез-келген тәулік уақытында жер үсті радиожарықтехникалық құралдарын тексеру үшін;"

1445-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

